

Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербургте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы қонақжайлық танытып, іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Президент Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Жаңа жыл қарсаңында Петербургтегі дәстүрлі кездесу жылды қортындылап, алдағы күнге жоспар құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Президент биыл Еуразиялық экономикалық одақ үшін мерейлі жыл болғанын еске салды. Ұйым дамудың екінші онжылдығына батыл қадам басты. Осы кезең ішінде өзара сауда-саттық тұрақты түрде өсіп, ірі инфрақұрылым жобалары табысты жүзеге асты және өнеркәсіп кооперациясының аясы кеңейе түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдардағы жаһандық дүрбелеңдерге қарамастан, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық да-



қосу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Кедергісіз нарық пен тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету басты міндет болуға тиіс. Азаматтар мен бизнес интеграцияның нақты пайдасын көруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық аясын кеңейтуді белсенді қолға алған дұрыс деп санайды.

– Биыл Моңғолиямен Еркін сауда аймағы туралы келісімге, Біріккен Араб Әмірліктерімен Экономикалық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Бүгін Индонезиямен осындай мәміле жасалды. Біз мұны құптаймыз. Бұл – бірлескен жұмыстың елеулі нәтижесі. Әрі өзге елдердің Еуразиялық экономикалық одақпен сауда байланыстарын тереңдетуге қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Таяу келешекте ЕАЭО-ның Жаһандық Оңтүстік, Араб елдерімен, Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка мемлекеттерімен ықпалдастығын кеңейту маңызды деп санаймыз. Сонымен қатар ШЫҰ, АСЕАН секілді басқа да

Мемлекет басшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты

му қарқыны бәсеңдемегеніне тоқталды.

– Биыл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жиынтық ІЖӨ көлемі 2 пайызға ұлғаймақ. Алдағы екі жылда ІЖӨ өсімі тұрақты болады деп болжанып отыр. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғалы бері ұйым елдерінің бір-біріне салған тікелей инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанға келген инвестиция жеті еседей өсті (2015 жылы 600 миллион доллар, 2024 жылы – 4 миллиард доллар). Өнеркәсіп өнімі 29 пайыз артып, 1,5 триллион долларды құрады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ЕАЭО-ның экономикалық әлеуетін одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударып, интеграциялық бірлестікті дамытудың басым бағыттарын айқындады.

– Әлем жаппай цифрлық трансформация мен жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Уақыт ағымынан қалмай, заманауи технологияларды ЕАЭО-ға мүше елдер экономикасының барлық саласына енгізу қажет деп санаймын. Жасанды интеллект технологиясын ЕАЭО қызметіне енгізе бастауды ұсынамыз. Атап айтқанда, мұндай жүйелерді сауда ағынын жоспарлауға және кедендік баж салығының ықпалын бағалауға қазірдің өзінде пайдалануға болады. Келесі жылы Қазақстан ұйымға төрағалығы аясында дәстүрлі Еуразия экономикалық форумын өткізеді. Осы жиында Экономикалық одақ кеңістігінде Жасанды интеллектіні жауап-

кершілікпен пайдалану туралы бірлескен мәлімдеме қабылдауға болар еді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ЕАЭО әлемдегі маңызды көлік-логистика торабы бола алады.

– Бірлестік құрамындағы мемлекеттердің аумағы арқылы Батыс Қытай – Батыс Еуропа, Солтүстік – Оңтүстік, Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді негізгі дәліздер өтеді. Қазақстан шетелдік серіктестермен бірге (Ресей Федерациясында, Қытайда, Әзербайжанда және басқа да елдерде) халықаралық мультимодальды логистика орталықтары мен терминалдар желісін (Румыния мен Мажарстанда) дамытуды белсенді қолға алды. Серіктестерімізді сауда-саттықты жандандырып, жүк тасымалы шығынын азайту үшін ұйымға мүше өзге мемлекеттерді де осы іске атсалысуға шақырамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Каспий жағалауындағы теңіз инфрақұрылымы арқылы ынтымақтастықтың тың мүмкіндіктеріне жол ашылатынын жеткізді. Президенттің айтуынша, Каспий теңізіндегі негізгі порттарда орналасқан заманауи контейнер хабтары ұдайы ұлғайып келе жатқан жүк тасымалына қызмет көрсете алады. Бұл ретте ол ұйымға мүше елдердің транзит әлеуетін нығайтуға серпін беретін Кеме қатынасы туралы келісімнің күшіне енуін жеделдетуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемде сақранысқа ие, қосылған қхны жоғары өнім

шығаруға бағдарланған жаңа өндіріс орындарын дамытуға баса мән берген жөн.

– Еуразия даму банкі сарапшыларының есебіне сәйкес, ЕАЭО елдерінің өнеркәсіп тауарларын шығару және экспорттау бойынша қосымша мүмкіндігі 67 миллиард долларға бағаланады. Осы әлеуетімізді толық пайдалансақ, түпкі нәтижесі 500 миллиард долларға жетуі ықтимал. Аталған мақсатқа жету үшін өнеркәсіп кооперациясын күшейту қажет. Бұл орайда серпінді инновациялық жобаларға инвестиция құйған жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өзара сауда-саттықтағы әкімшілік кедергілерді толықтай жоятын уақыт келгенін мәлімдеді.

– Азаматтардың еркін қозғалуына мүмкіндік бермейтін қолдан жасалған шектеулерді алып тастап, шекарадағы жүк көліктерінің ұзын сонар кезегін жою қажет. Кедендік реттеу және (көлік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық) мемлекеттік қадағалау шаралары ұйым ішіндегі кейбір шешімдерді өткізу құралы ретінде қолданылмауға тиіс. ЕАЭО құрылғалы бері кедергісіз сауда ортасын қалыптастыруға бағытталған біршама құжат қабылданды. Енді осы ортақ міндеттерді мүлтіксіз сақтап, өзара алыс-беріс пен барыс-келіске «тұсау болатын түйткілдерді» уақтылы шешіп отыру керек. Комиссия кедергілерді шұғыл анықтау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамалық бастамаларына мониторинг жүргізетін жасанды интеллект технологиясын

маңызды ұйымдармен ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлу керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттер алдында салмақты шешім мен үйлесімді әрекетті талап ететін күрделі міндеттер тұрғанына назар аударды.

Президент келесі жылы Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық ету миссиясы Қазақстан Республикасына өтетінін еске салды. Мемлекет басшысы еліміз жаңа табысқа қол жеткізіп, бірлестік елдерінің игілігін еселеу үшін нәтижелі жұмыс жүргізуге ниетті екенін жеткізді. Президент Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысы 28-29 мамырда Астанада өтетінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым төрағасы міндетін табысты атқарғаны үшін Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкоға алғыс айтты.

Сонымен қатар саммитке Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Индонезияның, Иранның және Кубаның өкілдері қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

«Созақ үні»-ақпарат.



Бабата елді мекенінде аз қамтылған отбасыға тұрғын үй табысталды

Бабата елді мекенінде аз қамтылған отбасыға «Қазфосфат» ЖШС-нің демеушілігімен тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы мақсатта ауылға арнайы барған аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов жаңа баспананың кілтін табыстап, үй иесін қоныс тойымен құттықтады.

Салтанатты шара барысында ауыл қариясы Садық Әбдірашұлы аталған игі іске ыйытқы болған азаматтарға алғысын білдірді. Ауыл ақсақалдары мен тұрғындар баспана иесінің қуанышын бөлісіп, ізгі тілектерін жеткізді.

Айта кетейік, Бабата елді мекенінде табысталған тұрғын үй барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтылған. Атап айтқанда, су және жылу жүйелеріне арналған жеке бөлмелер қарастырылып, жылу жүйесі толық орнатылған. Сонымен қатар, 20 сотықтан астам жер телімі арнайы шарбақпен қоршалып, қора-жайы қосалқы шаруашылықты дамытуға мүмкіндік береді.

Жастар орталығы топ жарды

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы мен «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Жыл көшбасшылары» жобасы аясында өткен «Үздік жастар премиясы-2025» байқауының салтанатты марапаттау кеші өтті.

ры баға берді.

Аталған байқау қорытындысы бойынша Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-і «Үздік жастар орталығы» номинациясын жеңіп алып, облыс көлемінде үздік деп танылды.



Іс-шараның ашылу салтанатында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Болат Серікұлы сөз сөйлеп, жастар саясатын іске асырудағы белсенді жастар ұйымдарының еңбегіне жоғары баға берді.

Сонымен қатар, орталықтың Талдау және зерттеу бөлімінің басшысы Зарина Қалдыбайқызы жастармен жұмыс жүргізудегі кәсіби шеберлігі мен белсенділігі үшін «Үздік маман» номинациясын марапатталды.

Ардагер спортшылар жүлдегер атанды

Қарағанды қаласында ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай дзюдо, самбо және қазақ күресінен ардагер шеберлер арасында алғаш рет Азия кубогы ұйымдастырылды. Халықаралық деңгейдегі байрақты бәсекеге Азия құрлығындағы 10 мемлекеттің спортшылары қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Аталған жарыста Созақ ауданынан екі ардагер спортшы ел намысын қорғады. 60–65 жас аралығындағы М-6 санаты бойынша 60 келі салмақ дәрежесінде Алпамыс Сармантаев жүлделі ІІІ орынды иеленді. Ал М-1 санаты, 35–39 жас аралығы бойынша Садуақасов



Жеңіс күміс жүлдеге қол жеткізді.

Айта кетейік, жеңімпаз атанған созақтық ардагер спортшылар бүгінде Созақ аудандық №1 балалар мен

жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы қызметін атқарып, жас спортшыларды тәрбиелеуге үлес қосып келеді.

Әлем чемпионатында қола жүлде иеленді

2025 жылдың 15–18 желтоқсан күндері Ресей Федерациясының Қазан қаласында белбеу күресінен жастар арасындағы Әлем чемпионаты өтті. Дүниежүзілік додаға түрлі елдерден келген үздік спортшылар қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Аталған байрақты бәсекеде созақтық спортшы Бейсенбі Асылбек 57 келі салмақ дәрежесінде сынға түсті. Тартысты белдесулер нәтижесінде жүлделі ІІІ орынды иеленіп, еліміздің



абыройын асқақтатты.

Айта кетейік, спортшымыз бұған дейін де бірқатар ірі жетістіктерге қол жеткізген. Атап айтқанда, жастар арасында Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы, ересектер арасында Қазақстан чемпионатының екі мәрте күміс жүлдегері, сондай-ақ ересектер арасында Қазақстан кубогының вице-чемпионы атанған.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Музыка пәні мұғалімдеріне арналған семинар

Әдістемелік кабинеттің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Оқушылардың музыкалық қабілетін анықтау және дамыту әдістемесі» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өтті. Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында өткен семинарға аудан мектептеріндегі музыка пәнінің мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтері қатысты.

Оқушылардың музыкалық қабілеттерін анықтаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін таныстырып, музыка сабақтарында қолданылатын тиімді диагностикалық әдістер мен дамыту жолдарын тәжірибе жүзінде көрсету мақсатында өткен шараны әдістемелік кабинет әдіскері Досболов Ерік Есенұлы ашты.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және оқыту үдерісіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың музыкалық әлеуетін ашуға қолдау көрсету мақсатында өткен семинар барысында А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің домбыра сыныбының

мұғалімі Жүзбай Ерғали Әлімханұлы «Қазақтың ұттық аспаптары және балалар тақырыбына арналған күйлер», Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі Аппазова Шәмшінаһар Қуантайқызы «Дәстүрлі ән орындаушының жас буынға үйрету тәсілдері», Ф.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің музыка пәнінің мұғалімі Байс Мамырғали Құрманбекұлы «Дыбыс үйлесім өнері: трио және квартет орындаудағы шеберлік», А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің домбыра сыныбының мұғалімі Асқарова Назерке Сұлтанқызы «Домбыра аспабын үйренудің әдіс-тәсілдері», Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназияның музыка пәнінің мұғалімі Шал Кенжебай Шалұлы «Дәстүрлі ән өнері арқылы балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру» тақырыптарында өз тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар соңында қатысушылар пікір алмасып, өз ұсыныстарын білдірді.

Сыныбыммен рухани орда төріндемін жобасы

«Сыныбыммен рухани орда төріндемін» жобасына қатысушы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің 9 «Б» сыныбы сынып жетекшісі Дәуренбекова Самалдың жетекшілігімен оқушыларымен бірге жоғары дағдылармен келіп, кітаптарын талдауға ерекше мән бергендерін білдірді.

Олардың дайындық деңгейі бірнеше аспектілер арқылы байқалды. Сынып жетекшісі оқушыларымен тығыз байланыс орнатып, оқыған кітаптарын талдау үшін топтық жұмыс ұйымдастырды. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» шығармасын талдай отырып, оған плакат жасап,



шығарманың негізгі ойларын топ ішінде талқылады. Кейінгі алған кітаптары «Қыз Жібек» поэмасын талдай отырып, оған да арнайы плакат әзірледі.

Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» шығармасын талдау кезінде оқушылар экологиялық бағыттағы суреттер жасап, табиғатпен үйлестіре отырып, шығарманың мәнін толық ашты. Олар өз плакаттарында судың тазалығы, табиғатты қорғау маңыздылығы сияқты тақырыптарды бейнелеп, шы-

ғарманың рухани және экологиялық құндылықтарын терең түсінгендерін көрсетті. Мұндай жан-жақты ізденіс пен еңбек олардың шығармашылық қабілеті мен жауапкершілігін айқындады.

Соңында сынып жетекшісі кітап оқуға қызығушылықты одан әрі арттыруға арналған арнайы идеяларын айтып, оқушылармен тығыз байланыс орнатқан кезде олардың талпыныстары айқын байқалды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қара жолдағы қауіпсіздікті сақтаудың маңызы зор. Соған орай Түркістан облысында «Жол қауіпсіздігі—ортақ жауапкершілік» деген тақырыпта форум өткен еді. Бұл жиынға әкімдік пен құқық қорғау, прокуратура өкілдерімен бірге, қоғамдық көлік жүргізушілер, студенттер арнайы шақырылған болатын. Аймақтағы барлық өзекті мәселелерді қоғам болып бірігіп талқылау—бізде қалыпты дәстүрге айналғанынан көпшілік жақсы хабардар. Мұндағы мақсат бүкіл қоғамды алаңдатып отырған жол қауіпсіздігі мәселесін көп болып бірге талқылау, түйткілдің шешімін табу.

Ел мен елді, ауыл мен ауылды жалғайтын да, байланыстыратын да—жол. Алайда осы қара жол соңғы жылдары қайғының ошағына айналып барады. Жол апаттарының көбеюінен қаншама отбасы қара жамылып, қаншама жан зардап шегіп жүр.

Сөзіміз негізді болу үшін статистиканы сөйлетіп көрейік. Мәселен, 2023–2025 жылдары облыста 3 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 4 103 адам әртүрлі дәре-

ой жоқ. Міне, осындай тоғышарлық түбі жол апатына алып келеді. Сондықтан, әрбір отбасы көлік-барлықтың, байлықтың белгісі емес, күнделікті қажеттілік құралы екенін ұл-қызының санасына құйып өсіргені жөн. Расында көлікті дұрыс пайдалансақ-игілік, бұрыс қолдансақ-қиындық.

Көлік мінуді өзгелерден ерекшеленудің, өзіңді артық көрсетудің мүмкіндігі деп ойлау—сананың төмендігі. Сондай адамдар баласы 18-ге тола салса, жүргізуші куәлігін әперіп жатады. Мысалы биыл облыста 17 349 адам куәлік алса, соның 10 пайызы 18 жасқа тола салып куәлікке ие болған екен.

Жүргізуші куәлігінің болғаны жақсы. Бірақ, жол қауіпсіздігінің жауаптылығын сезінбеген, жолда жүру мәдениетін жетік үйренбеген балаға куәлік беру—өз жақыныңның басын қауіп-қатерге тіккенмен бірдей. Өмірін енді бастаған жастардың жол апатында мезгілсіз көз жұмуы—ең әуелі оларды ақылға салмаудың, керек кезінде тыйып отырмаудың салдары. Мұндай қайғылы жағдайлардың алдын алу



Мұрат Тлеубердиев,
Түркістан облысының прокуроры.

азаматтың түсінігіне, мәдениетіне байланысты.

Мысалы, әлемде Ұлыбритания жолда қаза болғандардың саны бойынша ең төменгі орында. Бұл елде көлік рөлінде отырып телефон қарамақ түгілі, тамақ ішуге, темекі шегуге де болмайды. Ал АҚШ-та ұялы телефон ұстап, техниканы тізгіндеуге тыйым салынған. Тұрғындар осы ережеге бағынғандықтан, апат аз. Яғни, жүргізушілер мен жүргіншілер тәртіп сақтаса, апат та орын алмас еді.

Әрине, бұл жауаптылықты қоғамға итеру дегенді білдірмесе керек. Бүгінде әкімдік те, полиция департаменті мен прокуратура да жол апаттарының алдын алу, жол қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді жұмыстарды үздіксіз жүргізіп келеді. Мысалы, Түркістан облысының прокуратурасында өңірдегі жол-көлік оқиғаларының жағдайы мен себептерін талқылау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен тұрақты түрде кеңес өткізіліп тұрады. Бұл мәселе облыс әкімдігі алаңында да қара-

Жол апаттарының алдын алу— өмірді сақтаудың басты кепілі

жедегі дене жарақатын алса, 825 адам мезгілсіз көз жұмған. Зерттеулер көрсеткендей мұндай апаттардың басым көпшілігі аудандық маңызы бар жолдарда (187), елді-мекендерде (159), республикалық (127), облыстық маңызы жолдарда орын алған (51).

Осындағы әрбір санның артында адам тағдыры тұр. Сондықтан жолдағы апаттарға бейжай қарауға болмайды. Себебі, қара жолдың құрбаны болғандар бәрімізге бөтен емес, біріміздің жақынымыз, біріміздің танысымыз, әріптес, көршіміз. Апаттан кейін жарымжан болып, өзгелердің көмегіне мұқтаж болып қалғандар да күнделікті өмірде өзімізбен иық тіреспіп қатар жүрген адамдар.

Олар да біз секілді ертеңгі күніне жоспар құрды, алдына үлкен мақсат қойып, арманына жетуге асықты. Ал бір жауапсыз жүргізушінің кесірінен арманы аяқасты болған жандардың сұрауы кімнен? Қауіпсіздікті ескермеген бір жүргізушінің қателігінен талай отбасы тіреуінен ажырап, талай бала қорғаныссыз, қамқоршысыз қалып жатыр. Жол апаты мәселесін көтергенде біз осы жағына тереңірек көңіл бөлуіміз керек. Әрі жолдағы жүргізушіге де, жүргіншіге де ой салып, қара жолдың қатені кешірмейтінін ескертіп отыру міндетіміз.

Тәжірибеден түйгеніміз, өңірдегі жол апатының туындауына жүргізушілердің көлікті жоғары жылдамдықпен басқарып, қарама-қарсы беттегі көлікпен соқтығысуы (270), жаяу жүргіншілерді қағуы (188), көлікті игере алмай аударылуы (185) себеп болып отыр. Ал оның түпкі тамыры—құқықтық мәдениеттің, көлік жүргізу мәдениетінің кемдігіне, жауапсыздыққа байланысты.

Тәуелсіздік алғалы зайырлы, құқықтық мемлекет құруға батыл қадам жасаған елде жолда жүру мәдениетін әлі күнге орнықтыра алмай келеміз. Тұрғындар жол ережесін сақтаудың қарапайым әліппесін білмейді, немесе сақтағысы келмейді. Айталық көлікте мінсе, өзін әлемнің тұтқасын ұстап отырғандай сезінетіндер бар. Жылдамдықты асырып, жол бермейтіндер де, біреу байқаусызда алдын қиып кетсе көліктің соңынан қуып жетіп былапыт сөз айтып, жаға жырттысып, апаттық жағдай туғызатындар да солар. Мұндай жүргізушілерде «Жол—ортақ, бәріне түсіністікпен, көшіріммен қарау керек» деген

үшін автомектептердің жұмысын қадағалап отыру маңызды. Автомектептер тек жол ережесін үйретіп, көлікті жүргізудің әдіс-тәсілін меңгертумен шектелмей, жолда жүру мәдениетін, жолдағы жауаптылықты, қауіпсіздік қағидаларын оқытқаны абзал.

Мәселен, Түркістан облысы бойынша жүргізушілерді дайындайтын жалпы 35 автомектеп бар. Олардың жұмысы тек ақпарат берумен шектеледі. Бар болғаны қызметін бастағаны жөнінде Халыққа қызмет көрсету орталығына хабарлама береді. Бұл мектептер арнайы бір жерге барып тіркелмейді, тек «Автомектеп» ақпараттық жүйесінде дерегі шығып тұра-

жағары сынып оқушыларына оқытатын. Еңбек сабағы осылайша балалардың қосымша мамандық алып шығуына мүмкіндік беретін. Дәл осы тәжірибені жаңғыртсақ ұтымды болар еді.

Біріншіден, бұл еңбек сабағының беделін көтереді. Оқушылар еңбек сабағына үлкен қызығушылықпен, ынтымақпен қарайтын болады.

Екіншіден, балалардың мектептегі уақытын тиімді пайдаланып, қосымша кәсіп меңгеруіне жол ашылады.

Үшіншіден, сабақ тегін болғандықтан, ата-ананың да, баланың да қаржысы үнемделеді.

Төртіншіден, мектепте жүргізуші куәлігін алған, немесе өз қалауы бойынша заманауи курстарды оқыған ба-

лып, жолдардағы жағдайды жақсарту жөнінде бірқатар ұсыныстар әзірленген болатын.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша облыс аумағында жолдардағы 160-қа жуық осал нүкте, яғни «апатты учаскелер» анықталды. Жауапты тұлғалармен бірге осы «апатты учаскелерді» аралап, жол-көлік оқиғаларының себептері мен жағдайларын талдау мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылған еді. Сонымен қатар, бір жыл ішінде 5-тен 90-ға дейін қайталама әкімшілік құқық бұзушылық жасаған 2437 автокөлік жүргізушісіне қатысты профилактикалық түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру қала және аудан прокурорларына міндеттелген болатын. Былай қарасаңыз, жол ережесін бұзғандар аз айыппұл төлемейді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей ортақ тәртіпке бағынбайтындарды жоғары айыппұл да тоқтата алмайтын боп тұр. Соған қарамастан біз түсіндіру, сақтандыру шараларын бір сәт те назардан тыс қалдырмаймыз.

Полиция органдарына да апаттылық қауіпі жоғары жерлерде патрульдік қызметті күшейту туралы нұсқау берілген.

Бұған қоса жол апатының алдын алу мақсатында жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізу және пайдалану мәселесі қаралуда.

«Темірден болар көлігің, темірден болар өлімің» дегенді Майқы би бағамыз осыдан үш ғасыр бұрын айтқан екен. Не деген көрегендік. Соңғы уақыттардағы жан түршігерлік апаттарды қарап отырып атақты бидің даналық сөзі ақиқатқа айналған ба деп ойлайсың. Осы ретте «Жол қауіпсіздігі—ортақ жауапкершілік» деген тақырыпты талқыға салған форум қатысушыларға ой салып, санаға сілкініс тудырғанына сенімдіміз.

Жолдағы қауіпсіздік—өте маңызды мәселе. Бір ғана қателік өз өміріңізге ғана емес, өзге отбасыларға да ауыр қайғы әкелуі мүмкін. Сондықтан әр азамат қауіпсіздіктің алдын алу керек.

Мемлекет үшін әр тұрғынның орны бөлек. Соған орай өз өмірлеріңізге бейқам қарамаңыздар! Жол апаттарының алдын алу—бәрімізге ортақ міндет. Қара жолдағы бір сәттік қателіктің бірнеше жанның тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін екенін ұмытпаңыздар. Асығыс қадам алысқа жеткізбейді. Арманыңызға аман жету үшін жолда абай болыңыздар!



ды. Ал не оқытып жатқаны, болашақ жүргізушілердің санасын оятатын, жауаптылығын арттыратын қандай дәрістер қарастырылғаны, оларға кімдердің сабақ беретіні белгісіз. Жол апатының алдын алу үшін біз осы мектептерге де көңіл бөлуіміз керек.

Осы ретте мына бір ұсынысты қоғам болып талқыласақ артық болмайды. Қазір жастардың бәрі жүргізуші куәлігін алуға ұмтылады. Сұраныс жоғары болған соң, автомектептердегі оқу құны да арзан емес. Ал бұрын тракторшы, шоппыр секілді мамандықтарды мектеп қабырғасында,

лалар жаман әдетке дағдыланбай, өз ақшасын өзі табуға қол жеткізеді.

Әрине, бұл автомектептерді толық жауып тастау деген сөз емес. Тек жүргізушілікті мектеп бағдарламасына енгізген жағдайда дәрістердің қалай ұйымдастырылатынын, өтетінін бақылау, жүргізуші куәлігін алудың жауаптылығын арттыру—жол апаттарының алдын алудың бір тетігі.

Жалпы, жол қауіпсіздігін сақтауды құзырлы органдардың міндеті деп үстірт қарау дұрыс емес. Жолдағы апаттың алдын алу—қоғамдағы әрбір

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының «Иман» журналы мен «Мұнара» газеті жариялаған «Абай. Алаш. Асыл дін» республикалық шығармашылық байқауында бірінші орын-Умра қажылығына жолдама жеңіп алып, қазан айының 26-жұлдызы мен қараша айының 6 жұлдызы аралығында ҚМДБ-ның қажылық компаниясы Tawaf Travel жетекшілігімен қасиетті сапарға барудың сәті түсті. Алла тағаланың мейірімі мен ықыласы түсіп, күнделікті күйбең тіршіліктің тауқыметінен арылып, рухани серпіліс беріп, жан тыныштығын сыйлаған сапар Жаратушы иеміздің шақыруымен болды деп қабылдадық. Бұдан бұрын да қажылық сапардан жаңару-жасарумен оралған жандарды көріп, ұлы сапарға барудың реті қашан келеді деп армандап жүргенде Алла тағаланың жол ашып бергеніне алғысымыз шексіз. Мың рет естігеннен бір рет көрген артық, Алла тағаланың шексіз шапағатымен қасиетті Қағбаға барудың рухани ләззаты мен



оның талабын қолдаған екен. Қазақтарды қасиетті жердегі мұсылмандардың тізіміне енгізу, Пайғамбардың өсиетіне сәйкес оларға тәкия жай – қонақүй салу үшін жер бөліп беруге рұқсат етеді. Тәкия жай салуға бөлінген жерді Нұрпейіс хазіреті төңдей төртке бөледі: қазақтың үш жүзіне және қырғыз халқына еншілейді. Кіші жүзден Жаппас руының ең бай адамы ақмешіттік Мырқы мырзаны, Орта жүздің Тобықты руынан Құнанбайды, Ұлы жүзден Қасымбек датқаны, қырғыздан Шәбден батырды таңдайды. Шәбден батыр қырғыз халқының ел басы болған Асқар Ақаевтың бабасы көрінеді.

Бүкіл саналы ғұмырын халқының жарқын болашағына арнаған, қанша азапты күндерді басынан өткерсе де мақсатына жету үшін асқан қажырлылықпен еңбек еткен Нұрпейіс хазіреті ағамыз кейін елге оралып, мешіт тұрғызып, ұрпағына аманат етіп тапсырып, Ақтөбе өңіріндегі Қарғалы ауданы «Қарабұтақ» ауы-

Қажылық ШАҺАДАТ

әсерін ойлағанда іштей толқу мен жауапкершілік сезімі бойды биледі.

Алғашқы күні Алматының Орталық мешітінде 26 азаматтың басын қосқан, қажылық компанияның жетекші ұстазы Қасым имам Умра қажылығының жай-жапсарымен таныстырып, бағыт-бағдар беріп, бір үлгідегі киім-кешек пен қажетті заттар таратылды. Түн жарымында Жидда қаласына ұшаққа отырып, одан әрі Мәдинаға сапарымыз жалғасты.

Адамның мінез-құлқы мен жаратылысына әсер ететін Умра қажылығы Мәдинадағы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) мәңгілік мекені Раудаға мінежат етіп, мешітінде бес уақыт намаз оқып, сәждеге жығылған, Құрба мешіті мен Құрма бағы мен Ухит тауына барған, Пайғамбар мұражайындағы тарихи деректермен танысқан кездегі әсеріміз ерекше болды. Қасиетті Меккеде Айша анамыздың мешітінде намаз оқып, икраммен Қағбаны, Сафа мен Маруаны айналып, Әл-Харам шешітінде жүзі басқа, жүрегі бір мұсылман жамағатымен сәждеге бас қойып, құран оқығанымыз, Арафат тауына табанымыз тиген сәттер де есте қалды. Қажылар қауымын бастап жүрген Қасым имамның жас та болса имандылыққа бет бұрғанына, қасиетті сапарда ынтымақ-бірлікке шақырып, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсеткеніне, адам қарасы мол жерде жұбымызды жазбастан, қарияларға қамқорлық танытқанына риза болдық. Қасиетті орындардың тарихынан мағлұмат беріп, сапар барысында ғибадат айтып, Умра қажылығының ерекшелігі мен шапағатын түсіндірумен болды.

Осы жолғы жан қинамай ұшақпен Мәдина мен Меккеге сапарымыз барысында ертеде аталарымыздың жан азабын тартып, сапар шеккені еске түсті. Өткен ғасырдың басында Мансары ағамыз Меккеге қажылық сапарға барып, қасиеті жерде қалып қойған екен. Бұл күнде Мансариевтер әулеті Созақ ауданының «Жеткіншек» елді мекенінде өсіп-өніп жатыр. Осы өңірдің тумасы, Жамбыл ақын: «Майлықожа, Құлыншақ, пірім едің бас ұрған» – деп ұстаз санаған Құлыншақ Кемелхлы 1911 жылы Меккеге қажылыққа барып, қайтар жолда көз жұмып, сүйегінің қай жерге қалғаны белгісіз болып қалды.

«Ер жігіт үйде де өлер, түзде де өлер,


Көп жасаса ер жігіт жүзге келер.

Пәнденің маңдайына жазуы сол,

Үйде өлгенмен апарып түзге көмер!» - деген «Елге сәлем» атты бір шумақ өлеңін жазады.

Тағы бір ағамыз Меккеде мұсылман елдерінің арасында қазақ ұлты тіркелмегендіктен зиярат етуге жіберілмеген Нұрпейіс Байғараұлы хазіреті көп қиындықты бастан өткеріп, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өсиеті негізінде халқымызға жол ашып, тиесілі жерден үлесін алғаны туралы тарихи деректер бар. Машһүр Жүсіп Көпеев «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде: «Орта жүзден Тобықты Құнанбай бастаған жиырма кісі, Кіші жүзден табандаған жүз кісі

көргендер таңқаларлық болыпты». Ал, оның Құнанбай қажымен бірлесіп салдырған тәкия үйін 1905-1906 жылдар аралығында қажылыққа барғанда көргенін, Досжан хазірет атында екенін Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы жазды. Тарихи тақырыпқа қалам тербеген жазушы Дүкенбай Досжанов 1994 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Абай айнасы» атты кітабында Нұрпейіс хазіреті туралы құнды деректер келтірді. «Шәкәрім шежіресіндегі «Қажы марқұм тәкияны мен бастап алсам да Кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді» деген сөзге айрықша назар аударған жөн. Қазақ пен қырғыз халықтары Меккедегі мұсылмандар тізіміне жазылмай қалып, бұл елдің өкілдерін қасиетті орынға зиярат етуге жібермеген. Жайық бойындағы қарадан шығып, хазіреті дәрежесін алған Нұрпейістің қасындағылар еліне қайтып кетеді де, жалғыз өзі қалып қояды. Қайыршылық жағдайында жеті жыл жат елде жүріп, қазақ пен қырғыз халықтары Меккедегі мұсылмандар тізіміне енгізіп қана қоймай, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өсиеті негізінде қазақ халқына тиесілі жерді алады. Шөл төсіндегі Пайғамбардың табаны тиген, құмы алтыннан, тұщы суы зәмзәмнан қымбат ыстық жерді иемденгеніне қайран қаласыз. Хазіреттің қалтасы қағылып, тек адал бейнетіне сенеді. Меккенің сыртындағы таудан күніне екі мезгіл суды арқалап әкеліп, оның бірін базарға сатып, түскен тиынына тамақтанады. Бір месін құм үстінде күнге шыжып



болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан қалпелер бар дейді. Қазақ мұнан бұрын бүйітп бас қосып, қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері көзге түсерлік әр топтың қасқа мен жайсаңы болғандықтан

отырған кемтарларға бөліп береді. Жеті жыл бойы белі бүгіліп, ыстық күнде меспен су тасып, маңдай терін тамшылатып жүріп жат елдің тілі мен ғұрпын меңгереді. Нұрпейіс хазіреті Меккеде зиярат ету үшін келген араб дін басыларының қабылдауында болып, Бағдат ханы

лында жаны жай табады.

Біз қашан да осындай алдыңғы буын аталарымыз бен ағаларымыздың жүріп өткен өмірлік жолынан ғибрат аламыз. Әулетіміздің үлкен қариясы, кезінде басшылық қызметтер атқарған, елдің ынтымақ-бірлігі жолында еңбек етіп жүрген 85 жастағы Түркістан облысының құрметті азаматы, Оңтүстіктің батагөй қариясы Сексенбай Тұрысбекұлы 2009, 2012 және 2019 жылдары үш рет қажылық сапарға барып, «бедел қажы» атанса, Иерусалимдегі Әл-Ақса мешітіне де зиярат етіп қайтты. Осы қасиетті сапарларының бәрінде қажыларға бас болып, қолдан келген көмегін беріп, ұйымдастырып, амалдарды бірге орындап, бір-біріне сүйеу, тілектес ниетте жүрді. Қажылық сапардан оралған соң да бір-бірін іздеп тауып, Шымқаладағы жиырмашақты қажылар ай сайын бас қосып, шаңырақтарынан дәм татып, ұрпағымен танысып, имандылық мәселелерін талқыға салып, қуаныш-қайғысына ортақтасып, қариялық жастарын мән-мағыналы өткізіп келеді. Қажылық сапардың адам баласын жақындастырып, бауыр ететін қасиетін осыдан-ақ аңғаруға болады. Алла тағалаға қаншалықты құлшылық етсең шапағаты да мол боларын өмірлік қосағы Ұрзада қажы Токбергенова екеуінің төрт ұл, екі қызынан 22 немере, 25 шөбере сүйіп, бақытты ғұмыр кешіп отырғанынан көреміз. Әке өнегесімен үлкен ұлы Мұхит елге қызмет етіп жүрген Созақ ауданының әкімі, одан кейінгі ұлы Мағауия облыстық мәслихат депутаты, елге шапағаты тиіп жүрген кәсіпкер.

Осы жолғы Умра қажылығындағы мақсатымыз–Алла тағалаға құлшылық етуде кезіккен қиындықтарға төзіп, парыз-амалдарын тиянақты орындауға тырыстық. Тауды бұзып, тасты жарып, қала тұрғызған, шөл далаға гүлзар бақ орнатқан араб халқының еңбекқорлығына тәнті болдық. Алла тағаланы танып-білуге жетелейтін құлшылық рухани кемелденуге, жан-дүниемізді тазартып, алдағы өмірге бағыт беретін тағылымын шынайы сезіндік. Қажылық сапарда еліміздің әр шалғайынан бас қосқан сексенен асқан Фатима анамыз бен имандылық жолына түскен жастар алдағы кезде Үлкен қажылықты Алла нәсіп етсін деген ниетпен елге оралдық.

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЙ,
Қазақстанның құрметті
журналисі.

Ұйымдасқан ұрылар тобымен күрестік

1989 жылдың ақпан айының 5-ші жылдызы күні мені Алғабас аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, милиция полковнигі Еребаев Телқозы шақырды. Мен, ол уақытта Алғабас және Майбұлақ совхоздарында учаскелік инспектор болып қызмет істеп жүргенмін. Осыған дейін маған қарасты учаскеде орын алған қылмыстың бәрін ашқанмын. Бастықтың кабинетіне келсем мені күтіп отыр. Ол кісі маған «отыр» деп ишара білдірді. «Сені аудан орталығына ауыстырсам деп отырмын. Жамбыл совхозынан қазан айының 3-4-і күндері жоғалған 29 бас жылқыны іздеп табуды саған тапсырамын, табатын әрекет істеп, жан-жақты жұмыс жаса, жылқы иелері Орталық Комитетке дейін хат жазып, «милиция жұмыс істемейді, жылқымыздың ұрланғанынан бес ай болды. Милиция ұрымен сыбайлас, әйтпесе неге таппайды, бір-екі бас емес, Бірнеше бас малымыз жоқ» деп арызданып шулатып жатыр деп бастық маған қарады. Бұл жылқылардың қолды болғанын сеземіз, ұрланбаса ұшты-күйлі жоқ болып кетуі мүмкін емес нәрсе. Бастықтың айтқанына қарсы келмейміз, оның үстіне сенім артып, ақылдасып әңгімелесіп отырды. Бастығымыз асықпай жей сөйлейтін, ұрсып, беталды айқайламайтын кісі еді. Студент кезінде бокстан Қазақстанның намысын қорғаған халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген атағы бар. Содан не керек, сол түні тиісті бұйрықтар әзірленіп қылмысты іздестіру бөлімінің аға инспекторы Мықтыбеков Сәменді менің орныма Алғабас совхозына ауыстырып, мені ауданға ауыстырып, ертеңіне жұмысты бастадым. 5-6 күн жылқы ұрланған Жүзімдік, Жамбыл ауылдарында болып, жергілікті адамдармен сөйлесіп, жылқылар жоғалған кезде жинақталған материалдарды алып оқып танысты, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту қаулысы шығарылып іс жабылған екен. Осы жылқыларға байланысты Сарысу ауданының жылқышысы Айтуов Жаманбай деген адамды 2-3 күн сұрап түсінік алыпты. Осы жұмыстардан кейін жоспар жасап, Майбұлақ совхозының шопандарымен әңгімелесіп жүріп сол жылқылар жоғалатын күні түнде қырбық қар жауған екен. Қапшағай тоғанының сол жағынан Майбұлақ совхозы тұсынан тауға қарай шыққанда тау арасынан көп жылқының өткен ізін бір шопанның байқап қалғанын білдік. Жылқылар таудан асырылса арғы жақтағы Жамбыл облысының Сарысу ауданына қарай кететіні белгілі. Сол жылы қар қалың жауып Созақ ауданы арқылы өтетін асу қайта-қайта жабыла берді. Ол кезде барлық мекемелер милиция жұмыстарына жан-жақты көмек беруші еді. Автобазадан бір «Камаз» автокөлігін босаттырып алып, Жамбыл совхозының учаскелік өкілі Қарсыбаев Жақсылық екеуіміз Сарысу ауданына жылқыларды іздеуге шықтық. Аудан орталығы Байқадам ауылында екі күн болып бірнеше азаматтармен сөйлестік, бұрын жылқы ұрлығымен істі болғандарды, топ жылқыны ұрлауы мүмкін деген азаматтарды анықтап жылқылар жоғалатын мезгілді немен айналысқандарын, қайда болғандарын сұрастырып білдік. Аудандық ІІ бөліміндегі қылмысты іздестіру бөлімінің аға инспекторы Сушы деген жігітпен сөйлесіп, біраз мәлімет алып, осы ауданның Түркістан совхозына келдік. Ол совхоз Алғабас ауданының Майбұлақ, Алғабас ауылдарымен, батысында Созақ ауданының Құмкент ауылымен шектеседі. Жылқышылары

Алғабас ауданының шекарасына жақын Қарасу деген жерде отырады екен. Үйлердің арасын кісі бойы қар басып қалған, техникамен ашқан жолдармен ғана жүруге болады. Жомарт деген мал дәрігерімен әңгімелескенімізде, біздің не жұмыспен жүргенімізде білген соң үйіне дәмге шақырып сөз арасында «кешке үйге келіп қонып тұрыңдар өзіміз төрт жанбыз сендерге бір бөлме табылады» деген ойын айтып ағынан жарылды. Өзі де, жан-жасындағылар да ақкөңіл, қарапайым жандар екен. Сөйтіп осы үйге орналастық. Совхоз орталығында екі күндей іздестіру жұмыстарымен айналысып ертеңіне кешке қарай жылқышылардың ауылына қарай шықтық. Тау ішіне кіргеннен боран соғып ақыры «Буденовск» ауылына екі шақырымдай қалғанда қарға батып қалдық. Жүргізушіні қалдырып Жақаң екеуіміз қармен омбылап ауылға жетсек, шеткі үйде ДТ шынжыр табанды трактордың тұрғанын көріп сонда келдік, тракторист жақсы азамат екен. Тракторын жаңа ғана өшірген екен. Біз барған соң су жылытып құйып тракторын қайта оталдырып, «Камазды» ауылға сүйреп әкелдік. Осылай боранмен жағаласып жүріп біраз маңызды ақпараттар жинақтадық. Қажет деп есептеп совхоз басшылары мен біраз адамдардың қыстық соғымға сойған жылқыларын тексердік, осындай тексерулердің қорытындысында жылқыларды ұрлауы мүмкін деп Айтуов Жаманбай деген азаматтан күдіктеніп бірнеше рет үйіне келіп түсінік алып, іздестіру жұмыстарын жүргізді. Осындай бір келгенімізде өз үйінде, бала-шағасы көрінбеді. «Үйге кіріп шай ішіңіздер» деген соң қол жуып мен ішкі бөлмеге кірдім. Жақаң мен жүргізушіні әңгіме айтып сыртта бөгеп қалды, сөйтсем үстелдің үстінде жиырма бес сомдықтан бір бума бұзылмаған 2500 сом ақша жатыр, мені алсын деп екеуін бөгеп тұрғанын біліп, «Жаманбай ақшаң шашылып жатыр ғой» деп айқайлады. Ал Жаманбай «шашылып жатса қалтаңызға сала салсаңызшы, ақша артықтық етпейді ғой» деді. «Жақаң кіріңіздер» деп куәгерлердің көзінше ақшасын өзіне алғыздым. Осыдан бастап жылқыларды Жаманбай ұрлады деген күдікпен, дәлелдеу үшін түрлі жұмыстар жүргізумен болдық. Түркістан совхозының басшылары Жаманбайды қолдайтынын байқадық. Менің үстімнен Жамбыл облысының прокуратурасына, «жазықсыз тексеріп мазамызды алды» деп арыз түсірді, одан Жаманбайдың әйелі «Абай деген милиция итеріп жіберіп қолымды сындырды» деген фактімен арыз жазды, наурыз айының жарымы өткенде қар еріп көктемнің лебі білініп, жолдар ашылып қалған. Жеңіл машинамен жылқы ауылға келсем Жаманбайдың үйінің сыртында 4-5 жасар бала арықтың бойында жүр екен шақырып «апаңның қолына не болған?» десем, «арықтан секіргенде көк аттан құлап қолын сындырып алған» деді. Жаманбайды шақырып әйелінің қолы көк аттан жығылып сынғанын, оны білетін бірнеше адамдардан дәлелдеме жинап қойғанымды айтып ертеңіне Жаңатас қаласына шақырып кеттім. Жаңатас қаласында жолыққанымызда Жаманбай ауылының учаскелік милициясының көк «Москвичімен» участковой екеуі келді. Камаз автокөлік ішінде Жаманбай екеуіміз отырмыз, «жылқылар қайда мойындап жаз» деймін. Ол «Әбеке мен ұрлаған жоқпын, ұры болсам милиция мені машинасымен алып келе ме, одан да түсі-



нісейік» деп маған он мың сом ұсынып қойныма тыққыштайды. Мен сыртта тұрған Жақсылықты кабинетке шақырып, көрсетіп «міне, он мың сом әкеліпті, жылқыны ұрлағанын мойындағысы келмейді» деп екеулеп «жылқыны ұрлағанды мойында, бәрібір анықтап дәлелдейміз» дейміз. Ол мойындамайды мойындамасаң неге осынша екі Жигулидің ақшасын әкеліп беріп тұрсың дегенімізге ауылдың басшылары «ауылды шулаттың, біздің жеген соғымызды тексеріп жүр» деп ұрысып жатыр содан соң тыныштық болсын деп ақша әкеліп отырмын, дейді. Ол кезде шетелдік көлік болмайды, ең жақсы машина «Жигули» автокөлігі болатын. Су жаңасы 5500 сом тұрады. Осылайша бірнеше рет жолығып түсінік алдық. Жаңатас қаласының сыртында жылқы бағып отыратын Хан деген азаматпен бірнеше рет жолығып сөйлесіп жүрдім. Бір жолыққанда «Алғабас совхозынанмын елге баруым үшін совхозға жылқышы болып бармасам сыйыспаймын. 40-50 бас жылқым бар, мүмкіншілік болса көмектес» деп өтініш айтқан, бұл Ханның өзі бірнеше рет жылқы ұрлығымен түрмеде отырып шыққанын өзі айтып, қазір ұрлықты қойдым, асқазаныма жара пайда болып ауырып диета да жүрмін деген болатын. Оның осы сөзін пайдаланып «осы 29 бас жылқыны табуға көмек бер. Мен саған Алғабас совхозының жылқышылығын алып беремін» дедім. Наурыз айының соңына қарай Хан бір азаматты сыртынан көрсетіп «осыны жақсылап сұрасаңдар, осы бір нәрсе біледі» деген хабар айтты. Сол күні бұл азаматты ертіп алып өзімнің «Жигули» машинамен Жаңатастағы Ханның үйіне келіп Ханға арағың болса әкел деп едім бір бөтелке коньякты әкеліп алдымызға қойды. Өзім аштым да кесеге жартылай құйып ішіп алып, кесеге толтырып құйып қасындағы әлгі азаматқа ішкіздім. Сосын жарты сағаттай шай ішіп коньяктың қалғанын «мен рулдемін» деп оған құйып беріп ішкізіп, екеуіміз қайтып кеттік. Жолда жақсы қызып алғандықтан 29 бас жылқы жөнінде жақсы мәліметтер алдым. Осы жылқылар ұрланатын кезде Жаманбайдың екі баласы «Урал» мотоциклімен Алғабас совхозының жекеменшік жылқысын бағатын Қалиқанның үйіне келіп, мотоциклдерін сонда тастап ат мініп кеткендерін білдім. Түнгі 23-00 шамасында қасымдағы жылқышыны үйіне тастап, Қалиқанды алып шықтым. Бір кезде жолға тоқтап «түн ішінде неге алып шыққанымды айтайын, Оңға бұрылсам

контормға барамыз, солға бұрылсам Шаянға апарып қамаймын өйткені Жамбыл ауылының 29 бас жылқысының ұрлануына қатысың бар» дедім. Қорыққаны түрінен білініп тұрды. Кабинетіңізге жүріңіз деп, түсінік жазып, онда Жаманбайдың екі баласы келіп аттарын сұрап мінгенін, жылқы айдап кетуге түнде жол білмейтін болғасын қасына өзінің көмекшісін қосып бергенін жазып берді. Дәреу оны аудан орталығы Шаянға апарып қамадым. Таңертең алтыдан ауылдың малдары өріске шығарылады. Қалиқанның көмекшісіне келсем атына мінейін деп жатыр екен. Үйіне ескертіп ІІБ-не апарып 29 бас жылқыны ұрлағандар Жаманбайдың екі баласы, айдасып таудан асырғандар Қалиқан мен көмекшісі болып шықты. Сол түні барып Жаманбайды екі баласымен әкеліп қамадық. Тергеушіге жинақтаған істі тапсырып, Жаманбайға «29 басты төлеп бер осы жылқының бетіне қарап отырған жиырма отбасының малы, кіші балаңа жеңілдік жасап тергеу кезінде сотқа дейін қамаудан босатамын» деп келісіп, екі Камазбен төрт милиция сержантын көмекке алып Жаманбаймен бірге жылқыларды әкелуге Сарысу ауданынан барып, бірнеше жерден жинап жүріп 29 бас жылқыны әкеліп иелеріне тапсырдық. Біз іздеп барған адамдарға таратып жіберген биелерді жабағысымен қосып сойғызып жіберген екен.

Айғақты зат есебінде сойып әжетханаға тасталған терілерін жинадық, бір күрең жабағы Түгескен совхозындағы бір азаматқа сатылған екен тірідей айғақ болып іске тігілді. Сонымен Жаманбайды үлкен ұлымен, Қалиханды көмекшісімен қамауға алып кіші баласын сотқа дейін босатып жібердік. Сотта бәрі қамау түрінде жазаға тартылды. Жылқылары табылып оның үстіне өндіріліп қолдарына тиген соң қариялар келіп рахметтерін айтып үш ай айлығыңды жаратып ұрыларды тауып жауапқа тартқыздың мынау біздің қаржылай көмегіміз деп қаражат беріп кетті, иә ризашылығын айтып адал ниетпен бергесін алдық. Бұл жағдай бір жайлы болған соң, қолымдағы ашырмай қалған қылмыстардың материалдарын оқып отырсам, мен істеп жүрген кезде Алғабас совхозының шопаны Құрманжанның қараша айының басында байлап семіртіп отырған бір биесі ұрланғаны және желтоқсан айының аяғында байлап семірткен екінші биесі қорадан ұрланғаны жөнінде екі қылмыс белгісі жоқ деп қысқартылған істерді көріп оқып шықтым. Жұмыстан ертерек шығып Құрманжанның мал ауылына келіп оған байлап отырған екі биесі ұрланғыпты ол уақытта мен учаскелік инспекторым неге білмеймін, ауданға барып арызданыпсың екі арызыңды да қылмыс болмаған деп қысқартылыпты неге маған айтпадыңыз десем, ой Әбеке сіз совхозға ауысып келген соң совхоз жылқыларын таңбалаттыңыз ғой сол кезде жылқыларды қамап жатқанда бір күрең құнан қоршаудан секіріп шығып кетті мұны көріп тұрған совхоз директоры Алтекеңе қайтарып қамаңдар деп еді жылқышы Қапы «бұл Әбекеңнің құнаны» деді, «ол кім?» дегенде «учаскелік милиция қызметкері» деген соң жарайды деп қамамады, сондықтан биелерім ұрланғанда сізді жылқышы Қапының сөзін сөйлейді ғой деп сізге айтпадым. Өйткені ұрлаған Қапы деп сезіктенетін едім дейді.

(Жалғасы 8-бетте).

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің (әрі қарай-ҚК) 6 тарауында көзделген. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған. Бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмлетке толмағандар жаза тағайындалуы мүмкін не

мүлік болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің бестен бір жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Түзеу жұмыстары дербес табыс немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің бестен бір жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Қоғамдық жұмыстарға тарту он сағаттан жетпіс сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады. Ол кәмлетке толмаған адамның

Кәмелетке толмағандардың бас бостандығын айыру жазасы он жылдан аспайтын мерзімді қамтиды. Ал ауырлататын мән-жайлар кезінде, адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде, адам өлтіру немесе терроризм қылмысының жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын жаза тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ау-

Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау тәжірибесі

оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

ҚК-нің 81-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандарға:

1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

2) айыппұл;

3) түзеу жұмыстары;

4) қоғамдық жұмыстарға тарту;

5) бас бостандығынан айыру жазалары тағайындалады.

Кәмлетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын

қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындауды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы-күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

Кәмелетке толмағандардың бас бостандығын шектеу-екі жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

Қылмыстық жаза тағайындаудағы кейбір мәселелер

Барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай тұрып қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды. Бұл талап біздің ата заңымыз-конституцияда көзделген. Олай болса, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамас-тан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешу қажет.

Қылмыстық жаза тағайындау – бұл сот талқылауының қорытындысы. Заңды, негізделген және әділ жаза тағайындау қылмысқа қарсы күрестің және құқық тәртібін нығайтудың маңызды құралы болып табылады. Жаза-әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге, сотталғандарды түзетуге, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға көмектеседі. Жаза тағайындау кезінде сот қылмыстық құқықтық заңдылық, адамгершілік, әділеттілік принциптерін басшылыққа алады.

Сондықтан, соттар қылмыстық жаза тағайындаған кезде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында көзделген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауы керек. Сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін қаперде ұстауы тиіс.

Бұдан бөлек, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауыр-

лататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

Қылмыстық жаза тағайындау мәселесі өте өзекті. Оның өзектілігі қылмыстық заңнамаға тұрақты түрде енгізілетін өзгерістерден де көруге болады. Атап айтқанда, жеке адамға қарсы қылмыстар бойынша жазаның ауырлатылғанын көруге болады. Мысалға, ҚК-нің 106-бабының 1-бөлігімен және 293-бабының 3-бөлігімен көзделген қылмыстар үшін жаза түрінен бас бостандығын шектеу жазасы алынып тасталды.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық заңнамада көзделген ер-желерге тоқталған дұрыс. Жаза тағайындау барысында сот әр сотталушыға қатысты оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататыны мән-жайларды міндетті түрде үкімде көрсетуге тиіс. Егер ҚК-нің 53-бабында немесе 54-бабында көзделген мән-жай қылмысты саралайтын белгілердің бірі ретінде ҚК-нің ерекше бөлігіндегі бабының диспозициясында көрсетілсе, сот оны осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде тани алмайды.

Адам кінәлі деп танылған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамсыз ете алмаған жағдайда ғана жазаны неғұрлым қатаң түрі қолданылатын назарда ұстау керек. Осы ретте соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылаған жөн. Сот шешімі үкімде уәждеделуге тиіс.

Қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушы-

ырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Кәмлетке толмаған сотталғандар бас бостандығынан айыруды кәмелетке толмағандарға ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді. ҚК-нің 83-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзетуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры бойымен өтетін автокөлік жолдарындағы қауіпсіздік туралы ЖАДЫНАМА

1. Жалпы ақпарат

Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау және Түркістан облыстарының аумағы арқылы өтетін трасса бойындағы автокөлік жолдары IV санатқа жатады және жалпы пайдалану жолдары болып табылмайды. Бұл жолдар тек «Бейнеу–Бозой–Шымкент» магистральдық газ құбырына («Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС) техникалық қызмет көрсету мақсатында салынған.

2. Білу маңызды!

Аталған жолдар тек қызмет бабында пайдалануға арналған. Жол бойында орналасқан газ құбыры–қауіптілігі жоғары нысан. Қауіпсіздік талаптарын бұзу - аварияға, газдың шығуына, жарылысқа және адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

3. Қатаң тыйым салынады:

- Жол мен газ құбыры трассасының маңында жер қазу, бұрғылау немесе құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге;
- Қорғау аймағы шегінде от жағуға, қоқыс немесе шөп өртеуге, дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге;
- Автокөлік пен арнайы техниканы жолға немесе газ құбырына жақын қоюға;
- Қорғау аймағын белгілейтін ескерту белгілері мен бағаналарын сындыруға немесе алып тастауға.

4. Жауапкершілік:

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС осы талаптарды бұзу салдарынан орын алған оқиғалар үшін жауап бермейді.

Есіңізде сақтаңыз!

Қауіпсіздік ережелерін сақтау – өз өміріңізді, мүлкіңізді және бүкіл өңірдің қауіпсіздігін қорғау деген сөз!

* * *

ПАМЯТКА

по безопасности на вдольтрассовых автомобильных дорогах Магистрального газопровода «Бейнеу—Бозой—Шымкент»

1. Общая информация

Вдольтрассовые автомобильные дороги, проходящие по территории Кызылординской, Актобинской, Мангыстауской и Туркестанской областей, относятся к IV категории и не являются дорогами общего пользования. Эти дороги построены исключительно для обслуживания магистрального газопровода «Бейнеу – Бозой – Шымкент» (ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент»).

2. Важно знать!

Данные дороги предназначены только для служебного пользования. Газопровод, проходящий рядом, является объектом повышенной опасности. Любое нарушение правил может привести к аварии, утечке газа, взрыву, а значит угрозе жизни людей.

3. Категорически запрещается:

- Проводить земляные, буровые или строительные работы вблизи дороги и трассы газопровода;
- Разводить огонь, сжигать мусор, траву или проводить сварочные работы в пределах охранной зоны;
- Парковать автотранспорт и спецтехнику вблизи дороги или газопровода;
- Повреждать или снимать предупредительные знаки и столбики, обозначающие охранную зону.

4. Ответственность:

ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент» не несёт ответственности за происшествия, произошедшие в результате нарушения данных правил

Помните!

Соблюдая правила, вы сохраняете свою жизнь, имущество и безопасность всего региона!

Б.Сагынтаев,
Созақ аудандық сотының
судьясы.

Жегі құртына жол бермеу керек

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттік саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Уақыт өте келе сыбайлас жемқорлықпен күресудің түрлі әдістері қолданылып келеді. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық сапаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға отыз екі жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсінуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзелді. Әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Е.Атенов,

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маман-заңгері.

Сыбайлас жемқорлық індет, жою міндет!

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасы “параға сатып алу” деген түсінікті білдіреді. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады. Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылып, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсуде, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындадық. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақытында туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол алға қойылған - сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Құрметті оқырманда әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46) - 4 - 26 - 74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады. Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

Хабарландыру!

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі №15 мекен жайында 2025 жылдың желтоқсан айының 24 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

А.Б.Кулменов,

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы, Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.

Жеке және заңды тұлғалардың назарына!

2025 жылы Қауын шыбыны мен залалданған барлық бақшалық жерлерде агро-техникалық шаралар қолдану қажет екенін хабарлай-

мыз. Қолданылатын агро-техникалық шаралар:

-Залалданған түйнектерді жинап, атыздан шығарып 50-100 см тереңдікте көміп тастау;

-Атызды тегістеп, 20-30 см тереңдікте сүдігер жырту;

-Атызды 7-10 күнге суға бастыру.

Агротехникалық шаралар қауын шыбынының қыстап жатқан жалған қуыршақтарының механикалық зақымдануына, жердің бетіне шығып құстарға жем болуына, және қыста суыққа үсуіне себеп болады.

Өсімдіктер карантині бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитарлық сертификат беру мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1.Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру немесе оны беруден уәжді бас тарту 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда рәсімделеді. Фитосанитариялық сертификат өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың жеке қолы мен мөрі қойылып беріледі.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақысыз негізде (тегін) көрсетіледі.

Сонымен қатар, ҚР аумағына импорттық карантинге жатқызылған өнімді және карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде өнімнің межелі жеткізілу пунктіне екінші рет карантиндік фитосанитарлық бақылауға ұсыну

қажеттігін ескертеді. Карантинге жатқызылған өнімнің баратын пунктінде карантинге жатқызылған өнімдерді және көлік құралдарын тексеруді уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады, олардың нәтижелері бойынша осы өнімдерді пайдаланудың шарттары туралы жазбасы бар тексеру актісі жасалады.

Көдендік одақ Комиссиясының 2010 жылғы 18 шілдесіндегі № 318 шешімінің III бөлімі, 3.2. тармағына сәйкес: «Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылатын бір елден екінші елге тасымалданатын карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясы фитосанитарлық сертификатпен рәсімделеді және карантиндік фитосанитарлық бақылауға (қадағалау) жатады».

Карантинге жатқызылған өнім иесі уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы кез келген қол жетімді әдіспен хабардар етуге және келген күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей межелі, жеткізу орнында карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалауды жүзеге асыру үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетуге міндетті.

Фитосанитарлық талаптарды бұзу және карантинге жатқызылған өнімді межелі пунктінде екіншілік карантиндік бақылауға ұсынбаған жағдайда ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 400 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде әкімшілік іс жүргізілетін болады.

Жұмыс кестесі – дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қатысты толық ақпаратты Созақ аудандық аумақтық инспекциясы мандарынан Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, №19 мекен-жайы бойынша немесе 8 (72546) 4-13-05 телефон арқылы жауап ала алады.

Сонымен қатар, Созақ аудандық аумақтық инспекциясында электронды өтінім беру арналған «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы орналастырылған.

А.Уалиев,

ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Сколиоз ауруының алдын алу

Мектеп—адам өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі, оның арқасында бала көптеген жаңаны біледі. Бірақ өкінішке орай, пайдалы білімдермен қатар мектеп оқушылары қосымша тағы көптеген ауруларды алады. Ас қорыту жүйесінің аурулары, көру қабілетінің нашарлауы, невроз, тыныс алу мүшелерінің аурулары және сколиоз.

Оқушылар арасында кең таралған аурулардың бірі дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз болып табылады. Сколиоз—омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюы. Сколиоздың туылғаннан болатын және жүре пайда болатын түрлері бар. Мектеп кезіндегі балаларда ең көп кездеседі. Себебі, 7-9 және 12-14 жастар арасында сколиоздың ең дамитын кезі.

Оқу сабақтары кезінде оқушының бойы мен дене бітіміне жиһаздар сай келмеген жағдайда дене бітімінде

шаршау, әлсіреу, әрі ыңғайсыздану пайда болады. Омыртқа салмақтың біркелкі түспеуінен дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз рефлекторлы тұрғыда пайда болады. Соған қоса мәселе мектеп оқушылары күнде мектепке апаратын оқулықтары бар ауыр иыққаптар.

Сколиоз асқынған жағдайда ішкі ағзалардың басылуына және жүрек-тамыр, тыныс алу жүйелері жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан оның алдын алып, сколиоз ауруы дамыса, дер кезінде амбулаторлық ем қолдану керек болады. Емдеу дене шынықтыруды өткізу, спортпен айналысу (шаңғы, баскетбол, волейбол, әсіресе суда жүзу). Дене бітімінің бұзылуын көп жылғы жаттығулармен түзету мүмкін.

Оқушылардың дене бітімінің дұрыс қалыптаспауына, дене бітімінің бұзылуын алдын алу мақсатында таңер-

теңгі гимнастика, дене шынықтыру, үй жағдайында жаттығулар жасау, әсіресе, мектептерде алуан түрлі пайдалы жаттығулармен шұғылдану әсер етеді.

Осы аурулардың алдын алу үшін:

Бала жас кезінен бастап дұрыс тамақтану, таза ауада болу, мезгілімен ұйықтау;

Ұйықтағанда баланың басы кішкентай жастықта, денесі қатты төсекте жатуы керек, бала бір жағында жатқанда—омыртқа жотасының қисайған омыртқа доғасы астына жастық салып жатқан жөн;

Дұрыс аяқ-киімді таңдау;

Сөмкелерді, рюзактарды кию кезінде жүктің омыртқаға бірдей таралуы енеді;

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының денсаулығын ұзақ сақтай аламыз.

Х.Оспанов,

Аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

БЖЗҚ

АҚ-ның цифрлық форматта көрсететін қызметтерінің саны артуда

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) салымшыларға зейнетақы капиталын қалыптастыру қызметтерінің кең спектрін ұсына оты-

рып, олардың тізбесін үнемі жаңартып, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында белсене жұмыс істеуде. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі—салымшылардың өз жинақтарына деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты.

01.01.2025ж. мен 31.10.2025ж. аралығында халыққа шамамен 36,7 млн қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 22,2 млн-ы электрондық форматта, 13,3 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, ав-

томатты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 97,8%-ын құрады. Салымшыларға 795,1 мың қызмет жүзеге жүз көрсетілді, оның ішінде 775,5 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, “Ұлттық қор — балаларға” бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға

нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (“Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 1,4 млн жетті.

«Созақ үні»-ақпарат.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БҰРЫШЫ

лықтары жөнінде пікір алмасты. Заманауи тақырыпты қамтыған «Жасанды интеллект-дос па, дұшпан ба?» атты пікір талас сайысы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, ақпараттық қауіпсіздікке назар аудартты.

Ал «Шынықсаң-шымыр боласың» тақырыбындағы «Толағай» ойындары арқылы балалардың спортқа деген қызығушылығы артып, салауатты өмір салты насихатталды. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-туы аясында» тақырыбында өткен мерекелік іс-шарада мектептің директоры Қалиев Қайрат Тұр-

Иманов мектебінде өткен игі шаралар

Аудан орталығына іргелес Абай ауылындағы «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қараша айында бірқатар іс шаралар өткен болатын. Сол іс-шаралардан аудан жұртшылығын хабардар ету үшін, мектеп ұжымы, директоры Қалиев Қайрат Тұрғараұлы аудандық «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I жартыжылдығына газет-журналға жазылуға насихат жұмысымен барғанымызда біздерге өтініш жасаған еді.

Сонымен, Абай ауылындағы «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қараша

айында өткен игі ісшаралар легі мынадай:

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында бірқатар мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор мектепшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Жоба шеңберінде «Отбасындағы әкенің рөлі» тақырыбында әкелер өсиетіне арналған оқушылармен кездесу өтті. Кездесуде әкенің отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен өнегелі жолы туралы тағылымды ойлар айтылды.

Сонымен қатар, «Тәуелсіздік-ең қымбат құндылық» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оқушылар ел тәуелсіздігінің тарихи маңызы мен рухани құнды-

ғараұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерекелік көштің ашылуын жасады. Мерекелік бағдарлама барысында мектептің «Шабыт» жобасы ұйымының мүшелері, жастар ұйымы мен өзін-өзі басқару ұйымы ұстаздарға, ата-аналарға және оқушыларға арналған тәрбиелік сағат, концерттік бағдарлама және сахналық көріністер ұсынды. Аталған іс-шаралар оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, қауіпсіз әрі саналы балалық шақты қамтамасыз етуге бағытталды.

Данияр БЕК.

Ашық тәрбие сағаты өтті

А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші-педагог Қарлығаш Смағұлова 4 "Ә" сыныбында "Ер есімі-ел есінде" атты тақырыбында ашық

күнімен байланыстыра отырып, батырдың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлігі мен патриоттық болмысын дәріптеу, Жастардың бойында «Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық рух, патриотизм» сезімдерін

сарбаз" биін биледі. Қыздар "Катюша" биімен өнер көрсетіп, "Сарбаздар" әнін шырқады. "Рух" әнімен еліне деген сүйіспеншілігін көрсетті. Тәрбие сағаттың соңын Лесбек Елбасы мен Қойшыбай



тәрбие сағатын өткізді. Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына арналған тәрбие сағатының негізгі мақсаты оқушыларға Бауыржан Момышұлының ерлігі, өмір жолы және рухани мұрасын таныту, Оның «елдік, ерлік, тәртіп, намыс» туралы айтқан тағылымды сөздерін үлгі ету, 16 желтоқсан-Тәуелсіздік

қалыптастыру. "Туған жер" әнімен шырқалып басталды. Оқушылар батырдың ерлігі туралы қазақша, орысша, ағылшын тілінде тақпақтары айтылды. Батырдың өмір жолында айтылып өтілді. Бауыржан Момышұлына арналған "Батыр болмысы" көрінісі көрсетілді. Сазды бағдарламаға кезек келіп, ұлдар "Жас

Аңсар "Көк тудың желбірегені" әнімен аяқтады. Соңында ата-аналардың атынан Пайзова Гүлмираға сөз кезегі беріліп, сынып жетекшісі мен оқушыларға деген ризашылығын білдірді.

**Гүлмира ПАЙЗОВА,
ата-ана.**

Ұйымдасқан ұрылар тобымен күрестік

(Соңы. Басы 5-бетте).

Менің Қапыда ешқандай жылқымның болмағанын айтып, ертеңіне Құрманжанның қысқартылған екі арызын аудан прокурорына апарып қайта тексеруге бұзғызып, ұрлықты анықтауға кірістім. Алғабас совхозында Әумен деген жігіт маған келіп, жақсы сөйлесіп жүретінбіз. Ол аудандық газетке мақалалар жазып тұратын. Інісі жылқышы Қапының көмекшісі еді. Соны барып машинамен алып шығып жолда оған Қапымен бірге қамалатын болдың, ағаңды ұятқа қалдырдың, мұның не? Ұрлағанда, қорадан алып шыққанда бірге болдың ба? Шыныңды айт қасыңда болмасаң ағаң үшін көмек жасармын деп бастырмалата ойлануға мүмкіндік бермей сұрағанымда «қасыңда болмадым, үйге әкелгенде сойыстым, екі биені де» деп шындығын айтты. Дереву жылқы ауылға барып, Қапыны совхоз орталығына конторға келіп, Құрманжанның екі биесін ұрлағаны туралы істі толық жинақтап, Құрманжанға екі биесін төлетіп, Қапыға жұмысыңа бара бер жылқыларыңды түгенде деп жібердім. Себебі совхоздың жылқылары түгел болуы керек. Бұл Алғабас совхозының директоры ауданға беделді Алтынхан деген кісі еді. Мен 1985-1986 жылдары «Шалдар» совхозында учаскелік инспектор болып істегенде бұл кісі совхоз директоры болатын. Екі жылдай жақсы қарым-қатынаста болып, сыйласып жұмыс атқарған едік. Совхоздың негізгі айналысатынын ақ егіс пен меринос қой шаруашылығын өсіріп, мемлекетке жүн, ет, бидай тапсыру болатын. Жұмыстың бәрі көбінде малда, егіс басында жүру қажет болғандықтан «Газ-53» автокөлігін жүргізушісімен өзіме бекіттіріп алып мініп жүретінмін. Осыдан үш жылдан кейін Ішкі істер Министрінің ұсыныс хаттарымен учаскелік инспекторлар қызмет атқарып жүрген жерлерінде автокөлікпен қамтамасыз етіле бастады. Мен Алғабас совхозына директор болып ауысқан Алтекеңе кіріп жылқышы Қапының қылмысын айтып орнына Хан деген азаматты совхозға жылқышы етіп алыңыз, құлын алу жоспарын артығымен орындайды 50-шақты жекеше жылқысы бар мен «жылқышы болып келесің» деп уәде берген едім деп жан-жақты түсіндіріп келістім. Содан Ханды шақырып, ал Алтекеңе кіріп жылқыны қабылдайтын болып келісіп шыққан еді. Мұны естіген ауылдың бірнеше қариялары Алтекеңе кіріп бұл Хан бірнеше рет жылқы ұрлап сотталған, ауылдың жылқыларын ұрлап құртады,-деп қарсылықтарын айтып кетіпті. Кешке Шаяннан үйге келсем әйелім «директор ағай телефон шалып үйге келсін» деп шақырды деген соң Алтекеңнің үйіне келсем шай үстінде «Абай-ау ауылдың бір топ қариялары келіп, Ханның жылқы бағуына қарсымыз, ол ұры» деп кетті енді қалай болады ақылдасайық деп шақырдым деді.

-Жарайды Алтеке төрт-бес күнде бұл мәселені шешеміз,- деп шай ішіп болып үйге қайттым. Ертеңіне ауылдағы бес-алты қарияға арнайы барып жолығып, «Ханды жылқышы етіп әкелгеніміз дұрыс болады, ұры болса жылқы бағып көз алдымызда жүргені жақсы, сыртта жүрсе не істеп жүргенін білмей қаламыз. Оның үстіне асқазанында жарасы бар екен, ұрлықты қойғанына он шақты жыл болыпты» деген ойымды айтып ақылдасқандай болып түсіндірдім. Ханға жолығып: «еңеңнің үйіне бір семіз малды сойып, үйітіп ауылдың қарияларын шақырып алдарынан өт, жағдайыңды түсіндір, біраз қарияларға жолығып айтып қойдым» деп жол көрсеттім. Бес алты күн өткенде Алтекең жолығып: «Әлгі қариялар ханды жылқышылыққа алсаңыз қарсылығымыз жоқ, ауылдың баласы, малымызға бас-көз боламын деп келіп кетіпті. Не айтып келістіріп қойғансың, ертең жылқыны қабылдап, Ханға өткізуге комиссия шығарамын» деді. Осылай Ханға берген уәдемді орындадым. Ол совхоздың жылқышысы болды. Қапы жылқыны өткізіп, Құрманжанның екі биесін ұрлағаны бойынша ісімен бірге тергеуге беріп сот үкімімен қамау түрінде жазаға кесілді.

**Абай ТҰРМАХАНОВ,
Ішкі істер министрлігінің
Құрметті ардагері.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақжарған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3150 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев